

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«Антропогенездің заманауи мәселелері» пәні бойынша қорытынды
емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

**«7M02219-Археология»
білім беру бағдарламасы**

Алматы 2025 жыл

Құрастырушы:

Ержанова А.Е. PhD докторы, аға оқытушы
(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және атағы)

«Антропогенездің заманауи мәселелері» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары институт мәжілісінде қаралып, ұсынылды
«___» _____ 2025 ж., хаттама № _____

Кіріспе

Магистранттар «Еуразия халықтары өнеріндегі скиф-сібірлік аң стилі» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, магистрант емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында магистрант ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

- 1 Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері
- 2 Адам ғылыми зерттеулер нысаны ретінде. Антропологияның негізгі бағыттары.
- 3 Антропогенездің эволюциялық теориясының қалыптасуы мен дамуы
- 4 Антропогенез және адамның пайда болуы туралы діни теориялар
- 5 Еліміздегі антропогенез мәселелері отандық ғалымдардың зерттеулерінде
- 6 Ертедегі адамдардың өмірі мен еңбек құралдары
- 7 Пилтдаундық жалғанжасам (немесе Пилтдаундық мистификация)
- 8 Австралопитектердің өмір сүру бейнесін қайта қалпына келтіру және олардың ақыл-ой деңгейі.
- 9 Гоминидтерді жүйелеу. Архантроптар (*Homo erectus*)
- 10 Ең маңызды палеоантропологиялық неандертальдық табыстар және олардың жалпы морфологиялық сипаттамасы
- 11 Неоантроптар (*Homo sapiens*). Қазіргі физикалық типтегі адамның пайда болу уақыты.
- 12 Антропогенез мәселесінің психологиялық аспектілері

- 13 Моно-, ди- және полицентризм теориялары және сапиентация мәселелері.
- 14 «Молекулярлы сағат» әдісі
- 15 Моноцентризм

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ларичев В. Е. Сад Эдема, М.: Издательство политической литературы, 1980.
2. Джохансон Д., Иди М. Люси: Истоки рода человеческого, М., 1984.
3. Вишняцкий Л. Б. Неандертальцы: история несостоявшегося человечества. СПб.: Нестор-История, 2010.
4. Марков А. В. Эволюция человека. В 2 книгах. Книга 1. Обезьяны, кости и гены. Corpus, 2012. Книга 2. Обезьяны, нейроны и душа. Corpus, 2011.
5. Хрисанфова Е.Н., Перевозчиков И. В. Антропология, 4-е изд.: М.: Изд-во Моск. ун-та, Наука, 2005.
6. Палеоантропологическая родословная человека. М., 2004;
7. Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. 240 б.
8. Кром М. М. Тарихи антропология. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2020
9. Никонов А. Практическая антропология. Почему мы такие, какие есть 2021.

Ресурстар:

Microsoft Office Word

Зерттеушілік инфрақұрылымы

«Археология, этнология және антропология» ғылыми-зерттеу орталығы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасы, 4-5 кабинет; ҚР ҒжЖБ министрлігі Ғылым комитеті «Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты», 3 қабат.

Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы

1. Интернет.
2. ПОЭК бөлімі.

Интернет-ресурстар

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru.univer.kaznu.kz>.
2. faraibi_univesity

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ
«Антропогенездің заманауи мәселелері» бойынша жазбаша тапсырмасы

(АБ 100%-дың-15%)

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық	«Қанағаттанарлықсыз»	
	13-15 %	10-12 %	6-9%	3-5%	0-2%
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға қазіргі антропогенездің заманауи мәселелеріндегі жаңаша тұжырымдарды саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, қазіргі кездегі еліміздегі антропологияның даму мәселелері көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Антропогенездің заманауи мәселелеріне қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылма

нәтиженің негіздемесі	мәселелерін шешу. Қарастырып отырған пәнге байланысты терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	ды. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
-----------------------	--	---	--	-----------------------------------	--

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл